

Қазақстан Республикасы демографиялық дамуының 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 30 қазандағы N 1380 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 1 желтоқсандағы N 1122 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.12.01 N 1122 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік демографиялық саясатының тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 тамыздағы N 1272 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы демографиялық дамуының 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдардың басшылары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Бағдарламаның іске асырылуын қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігіне жыл сайын 15 қаңтарға және 15 шілдеге оның орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі жыл сайын 25 қаңтарға және 25 шілдеге Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 30 қазандағы
N 1380 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы демографиялық дамуының 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасы

Бағдарламаның паспорты

Атауы	- Қазақстан Республикасы демографиялық дамуының 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіз	- "Қазақстан Республикасы мемлекеттік демографиялық саясатының тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 тамыздағы N 1272 қаулысы
Негізгі әзірлеушілер	- Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі
Мақсаты	- Қазақстан Республикасының демографиялық процестеріндегі келеңсіз үрдістерді еңсеру үшін кешенді шешімдерді әзірлеу мен іске асыру және осы негізде халық санының өсуіне қол жеткізу
Міндеттері	- Бала тууды тұрақтандыру және тууды өсіру; халықтың өлімін азайту, денсаулық жағдайын жақсарту; отбасы институтын нығайту; көші-қонның теріс сальдосын азайту; халықтың өмір сүру сапасын арттыру
Қаржыландыру көздері	- Бағдарламаны қаржылай қамтамасыз ету жыл сайын әлеуметтік салаға арнап көзделетін бюджет қаржысы есебінен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздерінен жүзеге асырылатын болады
Күтілетін нәтижелер	- Бағдарламаны іске асыру 2006 жылға қарай бала туу деңгейінің тұрақтануы мен біршама өсуіне, өлім деңгейінің азаюы мен халық өмірінің күтілген ұзақтығының өсуіне, көші-қонның теріс сальдосының азаюына қол жеткізуге мүмкіндік береді. 2001-2005 жылдар ішінде халық санының тұрақты өсуіне алғышарттар жасалатын болады.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы демографиялық дамуының 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Қазақстан Республикасы мемлекеттік демографиялық саясатының тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 тамыздағы N 1272 қаулысына сәйкес әзірленді және 5 жылға есептелген.

Осы Бағдарламаны әзірлеу халықтың сандық та, сапалық та дамуына жағдай жасау үшін, тұтас алғанда, мемлекеттік биліктің барлық тармағының және қоғамның нысаналы, дәйекті қызметін жүзеге асыру жөніндегі бірыңғай стратегия әзірлеу қажеттігінен туып отыр.

Бағдарламада Қазақстанның демографиялық дамуының мақсаттары мен міндеттері айқындалған, сондай-ақ оларды іске асырудың негізгі бағыттары мен т е т і к т е р і б е л г і л е н г е н .

Бағдарлама ел халқының табиғи және ырықсыз қозғалысындағы негізгі процестерді: өсіп-өнетін денсаулық жағдайын жақсарту және бала тууды ынталандыру жөнінде шаралар қабылдау жолымен бала тууды, өлімді және көші-қонды реттеуге, халықтың өлімін азайтуға, көші-қонды реттеуге б а ғ ы т т а л ғ а н .

Демографиялық дамуда оң параметрлерге қол жеткізу мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық өмірінде неғұрлым маңызды аспектілердің бірі болып табылады, өйткені бұл еліміздің қорғаныс қабілетін және оның егемендігін қамтамасыз етуге, экономиканың одан әрі өсуі үшін әлеует жасауға жәрдемдеседі . Қоғамның демографиялық дамуын мемлекеттік реттеу қажеттігі осыдан туындап отыр. Еліміздің халқын сандық та, сапалық та ұдайы өсіру рөлі мемлекеттік мүдделер сатысында оның басты орында екендігінен туындайды.

Мемлекеттік демографиялық саясат "Қазақстан - 2030" К972030_ Стратегиясында көзделген халықтың әл-ауқаты мәселелерімен өзара тығыз байланыста. Стратегияның "Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білім алуы және игілігі" деген төртінші басымдығын іске асыру мақсатында бірқатар бағдарламалар: "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы , "Білім" мемлекеттік бағдарламасы , Қазақстан Республикасында Дене тәрбиесі мен спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламасы , Қазақстан Республикасында Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы , Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған бағдарлама , "Қазақстан жастары" бағдарламасы , Қазақстан Республикасында ана мен бала денсаулығын қорғаудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасы , Қазақстан Республикасында травматизмнің профилактикасы мен оны азайтудың 2000-2002 жылдарға арналған нысаналы кешенді бағдарламасы , Қазақстан Республикасының халқын әлеуметтік қорғау тұжырымдамасы , Әйелдердің жағдайын жақсарту, қоршаған ортаны қорғау және

басқалар жөніндегі іс-қимылдың ұлттық жоспарлары қабылданып, қазір іске асырылып жатыр.

Осы Бағдарлама белсенді демографиялық саясатты жүргізу үшін базалық негіз жасауға тиіс.

1. Қазіргі демографиялық ахуалға талдау жасау

Қазақстанда соңғы жылдардағы демографиялық ахуал республикада бала туудың азаюы, өлім деңгейінің жоғарылығы және халықтың көші-қонының едәуір ұлғаюының салдарынан қолайсыз деп бағаланып отыр.

Қазақстан Республикасы халқының саны 2001 жылғы 1 қаңтарда Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің алдын ала деректері бойынша 14841,9 мың адам болды. Республикада 16426,5 мың адам тұрған 1993 жылдың басымен салыстырғанда, халық саны 1584,6 мың адамға немесе 9,6 пайызға азайды.

1999 жылы бала туу 1000 адамға 14,2 баладан келіп, ХХ ғасырдың соңғы онжылдығы ішінде ең төменгі коэффициент белгіленді, бұл республикада бала туудың ең шырқау шыңы белгіленген 1987 жылғы деңгейдің 55,3 пайызы болды. 2000 жылы бала туу деңгейі өсті, бала туу коэффициенті - 1000 адамға 14,69 баладан келді.

Профилактикалық медицина академиясы мен Макро Интернэшнл Инк 1999 жылы Қазақстанда жүргізген медициналық-демографиялық зерттеуі 1989 жылдан бергі кезең ішінде бала туу жиынтық коэффициенті (БТЖК) қазақ әйелдері арасында 3,6-дан 2,5-ке дейін, орыс әйелдері арасында 2,2-ден 1,4-ке дейін төмендегенін, ал Қазақстан бойынша жалпы БТЖК 2,9-дан 2,1-ге дейін азайғанын көрсетті. Осы орайда ауылдық жерлерде және қалада тұратын әйелдер арасындағы бір әйелге шаққандағы бала туу санының арақатынасы, іс жүзінде өзгеріссіз қалып отыр. Ауылдық жердегі әйелдердің БТЖК іс жүзінде екі есе жоғары.

Бұл Қазақстанның демографиялық дамуына нақ ауылдық жерлерде тұратын әйелдер неғұрлым елеулі үлес қоса алатындығын, сондай-ақ экономикалық шектеулілік жағдайында халықтың осы тобына елеулі мемлекеттік және қоғамдық қолдау көрсетілуі қажеттігін аңғартады.

Өткен ғасырдың соңғы онжылдығында басталған бала туу деңгейінің төмендеуі өтпелі кезеңнің залалдарынан туындап отыр.

Халықтың өсіп-өну денсаулығының көрсеткіші төмендеуде: аборт гинекологиялық аурулардың жиілігін ұлғайтады, бала көтермейтін халге келтіреді, перинатальдық ауруларды көбейтеді, анемия денсаулық сақтаудың ең басты проблемаларының бірі болып қалып отыр, еркектердің өсіп-өну жүйесі

ауруларының саны көбеюі байқалады.

Халық арасында өлім деңгейі жоғары болып қалып отыр. Өлім коэффициенті 2000 жылы - 1000 адамға 10,1 адамнан келді, бұл 1990 жылғы деңгейден 27,8 пайыз жоғары.

Әлі күнге дейін сәбилер өлімі мен аналар өлімінің деңгейі, сондай-ақ еркектер өлімінің деңгейі жоғары болып қалып отыр.

Халықтың өмір сүруінің орташа ұзақтығы төмен деңгейде қалып отыр. 1999 жылы оның деңгейі 65,5 жас, ал еркектерде небары 60,3 жас болды.

Өлім деңгейіне және өмір сүрудің күтілген ұзақтығының қысқаруына қолайсыз экологиялық жағдай, ауызсудың тапшылығы және оның сапасы (Қазақстан халқының төрттен бірі дерлік осы проблемамен бетпе-бет келуде), теңдестірілмеген және жеткіліксіз тамақ, санитариялық-гигиеналық нормалардың сақталмауы, уақтылы және толымды медициналық емдеуге қол жеткізудің шектеулілігі елеулі әсер етеді.

Тиісінше осы жылдар ішінде халықтың табиғи өсімінің коэффициенті айтарлықтай төмендеді және 2000 жылы 1000 адамға 4,6-дан келді.

Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Қостанай облыстарында халықтың табиғи кемуі байқалады. Мұндай үрдіс сақталған жағдайда, таяу болашақта тұтас еліміз бойынша халық депопуляцияға ұшырауы мүмкін.

Демографиялық процестерді дамытуда сыртқы және ішкі көші-қон шешуші рөл атқарады. Көші-қон қозғалысы шырқау шыңына 1994 жылы жеткені белгілі, сол жылы республикадан 480,8 мың адам кетіп, 70,4 мың ғана адам келген болатын. 1995 жылдан бастап халықтың көші-қон белсенділігі бәсеңдей бастап, 1997 жылдың өзінде көші-қон сальдосы - 261,4 мың адам болды және бұл көрсеткіш 2000 жылы 123,2 мың адамға тең болды.

Халықтың көшіп кетуі, біріншіден, халықтың жалпы санын азайтады, екіншіден, еңбек және генеративтік әлеуетті төмендетеді, өйткені көшіп кетушілердің үштен екісі еңбекке қабілетті жастағы адамдар.

Ішкі көші-қонның жандануы жүріп жатыр. Халықтың, әсіресе жастардың қалаларға қоныс аударуы олардың өсіп-өну бағдарының өзгеруіне ықпал ететін болады.

Республикада тұратын қазақтардың саны 2001 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 8154,4 мың адам немесе республика халқының жалпы санының 54,9 пайызы болды. Республикада 4280,1 мың немесе 28,8 пайыз орыс тұрады.

Өткен санақпен (1989 жыл) салыстырғанда қазақтардың, ұйғырлардың, дүнгендердің, өзбектердің саны өсті. Немістердің саны 3 есе дерлік азайды. Орыстардың, украиндардың, татарлардың және басқа да ұлттардың саны азайды.

Халықтың этникалық құрамындағы өзгеріске оның ұлтына қарай табиғи қозғалысындағы айырмашылық та, репатрианттардың (оралмандардың) көшіп

келуі де, басқа ұлттардың өзінің тарихи отанына көшіп кетуі де себепші болды.

Жалпы алғанда, халық санының азаюы табиғи өсімнің мардымсыздығынан және халық көші-қонының теріс сальдосынан болып отыр.

Тек белсенді ақпараттық-насихат жұмыстарын жүргізіп қана қоюмен шектелмей, ресурстарды, қаржы ресурсын қоса, жұмылдырып, пәрменді шара қолдану саналы қабылданған қажеттілік болып табылады. Қазіргі заманғы демографиялық ахуалды айқындайтын басты факторлар бала туу және өмір сүрудің күтілетін ұзақтығын ұлғайту, өлімді азайту және көші-қонның теріс сальдосын азайту болып табылады.

2. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты демографиялық процестердегі келеңсіз үрдістерді еңсеру үшін кешенді шешімдерді әзірлеу мен іске асыру және осы негізде халық санының өсуіне қол жеткізу болып табылады.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

- 1) бала тууды тұрақтандыру және оның ұзақ мерзімдік болашақта халықтың ұдайы көбеюін кеңінен қамтамасыз ететін деңгейге дейін өсуі;
- 2) өлімді азайту, халықтың өмір сүруінің орташа ұзақтығын ұлғайту, халықтың денсаулық жағдайын жақсарту;
- 3) отбасы институтын нығайту;
- 4) көші-қонның теріс сальдосын азайту;
- 5) халық тұрмысының сапасын арттыру.

3. Бағдарламаның негізгі бағыттары және оны іске асыру тетіктері

Аталған мақсатқа жету және негізгі міндеттерді шешу:

- 1) халықтың орналасу проблемалары бойынша тиісті нормативтік құқықтық база қалыптастыруды;
- 2) демографиялық дамуды ынталандыру мен қолдаудың қаржы-экономикалық тетіктерін жетілдіруді;
- 3) демография саласындағы білім және тәрбие жүйесін тиімді дамытуды талап етеді.

Бағдарламаны іске асыру үшін Іс-шаралар жоспары әзірленді, ол көзделген іс-шараларды кезең-кезеңімен орындауды көздейді, бұл мемлекеттік органдардың Бағдарламаны орындау жөніндегі қызметін үйлестіруге және бақылауға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны іске асыру процесін жедел басқаруды Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі қамтамасыз

е т е д і .

Бағдарлама мақсатына жетудің негізгі бағыттары мен басымдықтары мыналар болып табылады:

Өсіп-өну денсаулығын сақтау - өсімтал жастағы, әсіресе жүкті, босанатын және босанған әйелдердің, сәбилердің денсаулық жағдайын жақсартуға, әйелдердің босанғаннан кейін ауырып, мүгедек болып қалуын және өлімін азайтуға мүмкіндік беретін жағдайларды қамтамасыз ету. Сонымен қатар, осы бағытпен халықтың өсіп-өну денсаулығын сақтау мен қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар кешені көзделуде.

Отбасы институтын нығайту - орнықты әрі салауатты отбасын қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру.

Өлімді азайту - ел халқының, әсіресе балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдемдесетін жағдайларды қамтамасыз ету.

Халықтың әлеуметтік-экономикалық қажеттерін қанағаттандыру үшін жағдай жасау - "адам факторын" үдемелі дамытуды, материалдық әл-ауқатты арттыруды, әлеуметтік және экономикалық қатынастарға толымды қатысуды қамтамасыз ету мақсатында кәсіптік білім алуға қол жеткізуді арттыру және халықты әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің тиімді жұмыс істеуін арттыру.

Көші-қон процестерін реттеу - көшіп келушілерге, әсіресе оралмандар мен қайтып оралған реэмигранттарға қалыпты тұрмыс жағдайын жасау жолымен көшіп келуді жандандыру есебінен көші-қонның теріс сальдосын төмендету. Бұл бағыт медициналық-экологиялық және медициналық-әлеуметтік аспектілер тұрғысынан ішкі көші-қонды реттеу мәселесін де қамтиды.

3.1. Өсіп-өну денсаулығын сақтау

1. Аудандық медициналық мекемелер базасында еркектер үшін, белсіздікті қоса алғанда, жыныстық және өсіп-өну денсаулығы проблемаларына орай алдын алу мен жәрдем көрсету жөніндегі медициналық көмек қызметін ұйымдастыру.

2. Ұрықтандыру және белсіздік пен бедеуліктен емдеудің осы қызметті жүзеге асыратын медициналық мекемелер қызметінің бағасы мен орналасқан жері қол жеткізуге болатындай етіп медициналық технологияларды енгізуді ж а н д а н д ы р у .

3. Экологияның ластануы мен өсіп-өну денсаулығы арасындағы себепті-салдарлы байланысты зерделей отырып, халықтың өсіп-өну денсаулығына тәуекел факторларының әсер ету деңгейі бойынша басымдықтарды анықтау және саралау мониторингін енгізу.

4. Негізгі тағам өнімдерінің құрамындағы темірді ұлғайту жөніндегі бағдарламаны зерделеу және әзірлеу.

5. Ықтимал қаупі бар химиялық және биологиялық заттардың аймақтық тіркелімін жүргізу және оларды халықтың өсіп-өну денсаулығына әсер ететін қоршаған ортаны басым ластаушыларды анықтау үшін пайдалану.

3.2. Отбасы институтын нығайту

Қоғамның негізі ретінде отбасының абыройын көтеру, неке-отбасы қатынастарын нығайту, неке және отбасы құндылықтарын насихаттау, дені сау балалардың тууы, олардың тағдыры үшін жауапкершілік еліміздің демографиялық дамуының алғышарттарының бірі болып табылады.

Осы мақсатта қол жеткенді дамыта отырып, мынадай шараларды жүзеге асыру көзделді:

1) білім беру ұйымдары мен бұқаралық ақпарат құралдарында дәстүрлі отбасын насихаттауды жандандыру;

2) неке-отбасы қатынастарын нығайту және отбасы мәртебесін көтеру жөніндегі заңдарды жетілдіру;

3) үлгілі отбасылық, этно-мәдени дәстүрлер мен нормаларды қайта жаңғырту, отбасын тұрақтандыру және дамыту, оның адамгершілік негіздерін нығайту;

4) отбасының экономикалық, ұдайы көбею және мәдени-психологиялық функцияларын іске асыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету, отбасы тұрмысының сапасын арттыру;

5) неке-отбасы қатынастарында және балаларды тәрбиелеуде әйел мен еркектің құқықтары әрі міндеттерінің іс жүзіндегі теңдігін қамтамасыз ету;

6) отбасы мен балаларды әлеуметтік қамсыздандырудың мамандандырылған институттарын дамыту;

7) отбасыларына дағдарысты ахуалдан шығу жөніндегі психологиялық-педагогикалық көмек және жаңа жағдайларға әлеуметтік-психологиялық бейімделу орталықтарын кеңейту.

3.3. Өлімді азайту

Осы бағыт қоғамдық денсаулық сақтаудың қалыптасуы мен дамуын, ауруға, зиянды әдеттерге, травматизмге қарсы күресте профилактикалық шараларды күшейтуді, салауатты өмір салтын қалыптастыруды қамтамасыз ететін міндеттерді, бағдарламаларды іске асырумен тығыз байланысты.

Осы бағытты іске асыру үшін мынадай қосымша шаралар қабылданады:

1) еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда әйелдер еңбегін пайдалануға тыйым салуды заң жүзінде бекіту;

2) оқу орындарында физика, химия, информатика, үй шаруашылығы

кабинеттері және шеберханалар үшін қауіпсіздік ережелерін әзірлеу;

3) оқу-тәрбие процесі кезінде балаларды, сондай-ақ жазатайым жағдайды туғызатын себептерді жою жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды күшейту;

4) балалар бақшаларының тәрбиеленушілері мен оқу орындарында оқып жатқандарды білім беру процесі кезеңінде жазатайым оқиғадан сақтандыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

5) балалар бақшаларының тәрбиеленушілері мен оқу орындарында оқып жатқандарды оқытудың әртүрлі әдістері кезінде оларды қолайсыз факторлардың әсерінен қорғау мақсатында денсаулығының жай-күйін бақылаудың әдістерін әзірлеу;

6) жүкті (12 аптадан асқан) әйелдермен және 1,5 жасқа толмаған баласы бар әйелдермен жеке еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзуға тыйым салу;

7) Қазақстан Республикасының ДСҰ мен Еуропалық комиссияның Көлік, қоршаған орта мен денсаулық сақтау хартиясына және Трансшекаралық су арналары мен халықаралық өзендерді қорғау әрі пайдалану конвенциясының су және денсаулық проблемалары жөніндегі хаттамасына қосылуы мақсатында жұмыс жүргізу;

8) Ауаның үлкен қашықтықта трансшекаралық ластануы туралы конвенцияны іске асыру;

9) балаларды жәбірлеу және бала еңбегін пайдалану мәселелері жөнінде бақылау және жедел ден қою жүйесін енгізу;

10) барлық жерде қоршаған орта гигиенасы жөнінде аймақтық бағдарлама әзірлеу;

11) экологиялық қолайсыз аймақтардан халық денсаулығына қатер төндірмейтін аймақтарға халықтың көші-қонын ұластыруды ұйымдастыру үшін алғышарттар қалыптастыру жөнінде жұмыс жүргізу.

3.4. Әлеуметтік-экономикалық қажеттерді қанағаттандыру үшін жағдай жасау

Еңбек әлеуетін ұдайы молайтуды уақтылы қамтамасыз ету үшін экономиканың болашақ қажеттерін ескере отырып, қызметкерлерді озық даярлауды және олардың біліктілігін көтеруді жүзеге асыру, жұмыссыздарды кәсіптік бағдарлау және психологиялық қолдау жөніндегі жұмысты күшейту қажет. Бұдан басқа, жұмыссыздық пен кедейліктің халық үшін өзекті проблемаларын шешуге, еңбекке қабілетті халық үшін лайықты ақы төленетін еңбек пен тұтынудың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін

жағдай жасауға бағытталған шаралар көзделуге тиіс.

Сондай-ақ осы бағыт шеңберінде мынадай шаралар қолданылатын болады:

1) студенттер контингентін қалыптастыруды ұйымдастыру кезінде тәмәмдаушы сыныптар оқушылары арасынан алдын ала тестілеуді жүргізу есебінен жоғары білімге қол жеткізілуін кеңейту;

2) көп балалы отбасылар үшін шағын несие беруді енгізуді жандандыру;

3) еліміздің бүкіл халқы үшін базалық әлеуметтік игіліктерге қол жеткізудің теңдігін қамтамасыз ететін әлеуметтік нормативтер жүйесін әзірлеу мен енгізу. Осы нормативтер негізінде болашақта әлеуметтік-демографиялық даму саясаты іске асырылуға тиіс;

4) жоғары оқу орындарында демограф мамандар даярлауды енгізу.

3.5. Көші-қон процестерін реттеу

Осы бағытты іске асыру мынадай шараларды жүзеге асыруды көздейді:

1) көшіп келу квотасын жыл сайын ұлғайту;

2) оралмандарды қабылдау мен жайластыруға, оларды әлеуметтік салаға жылдам кіріктіруге қолайлы жағдай жасау;

3) шет елдердегі қазақ диаспорасымен сындарлы өзара қатынастарды қолдау және дамыту;

4) тоқыраған аудандарда тұратын адамдардың неғұрлым қолайлы аймақтарға ерікті көші-қонына жағдай жасау;

5) қайта қайтып келгендердің әлеуметтік мәселелерін шешуге қолдау жасауды қамтамасыз ету;

б) халықтың көшіп кету (эмиграция) көңіл-күйін зерделеу.

3.6. Бағдарламаны іске асыру тетігі

Бағдарламаны іске асыру әлеуметтік-демографиялық саясат мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіруді көздейді. Еліміздің демографиялық жағдайын түбегейлі жақсартуға бағытталған заңнамалық кесімдер қабылданатын болады. Осы Бағдарлама негізінде Қазақстан Республикасының кейінгі кезеңдерге арналған демографиялық саясатының бағдарламасын әзірлеу және қабылдау көзделіп отыр.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің алғашқы медициналық-санитариялық көмекті дамыту, жастардың тұрғын үй саясаты, тіршілік ету қауіпсіздігін және салауатты өмір салтын қалыптастыру жағдайын, таза тағам мен ауызсуды қамтамасыз ету жөніндегі шешімдері қабылдануға тиіс.

Ауыл халқының өсіп-өну және жыныстық денсаулығы мәселелері бойынша

медициналық көмек көрсету үлесін ұлғайту жағына қарай медициналық көмекті қайта құрылымдауға саятын ұйымдастыру сипатындағы шаралар, сондай-ақ халықтың орналасуы мәселелерінің ақпараттық-білім беру аспектілерін жандандыру жөніндегі шаралар қолданылатын болады.

Бағдарламалық ережелерді өмірге енгізу осы Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары арқылы жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаның орындалуын үйлестіру және бақылау мақсатында оның мониторингі жүргізілетін болады. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасында демографиялық саясатты жүргізудің нәтижелілігі индикаторларының жүйесін енгізу көзделуде, олар тиісті бағыттар бойынша халықтың тіршілік қызметі көрсеткіштерін қамтитын болады. Неғұрлым маңызды индикаторлардың қатарына, ең алдымен медициналық-демографиялық көрсеткіштер және көшіп кету (эмиграция) көңіл-күйіне баға беру, сондай-ақ басқа да әлеуметтік нормативтер кіретін болады. Бағдарлама мониторингінің және демографиялық индикаторлар талдауының нәтижесі жекелеген бағыттарға түзету енгізу және кейінгі Бағдарламаларды әзірлеу үшін негіз болады.

4. Қажетті қаржыландыру ресурстары мен көздері

2001-2005 жылдарда Бағдарламаны іске асыру мынадай көздерден жүзеге асырылатын болады:

- 1) республикалық бюджеттен;
- 2) жергілікті бюджеттерден;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздерінен.

2001 жылы Бағдарламаны іске асыру республикалық және жергілікті бюджеттерде бекітілген қаражаттар шегінде жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджетте білімді, денсаулық сақтау саласындағы бағдарламаларды, әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік көмек саласындағы қызметті, мәдениет, спорт және ақпарат саласындағы қызметті, көші-қон саласындағы қызметті, қоршаған табиғи ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруға арналып көзделген қаражаттар шегінде жүзеге асырылатын болады.

Халықаралық ұйымдардың техникалық және гранттық көмектерін, ҮЕҰ-дың, қоғамдық қорлардың және Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен тыйым салынбаған өзге де көздердің демеушілік қолдауын тарту көзделіп отыр.

5. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламаны толық іске асыру және онда көзделген барлық шараны қабылдау нәтижесінде орташа және ұзақ мерзімді болашақта Қазақстанның тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында халықтың сандық та, сапалық та өсуін одан әрі ұлғайтудың негізі қамтамасыз етілетін болады. 2005 жылы Қазақстан Республикасы халқының жалпы саны 15 миллионға жуық адам болады деп болжануда.

2001-2005 жылдар ішінде демографиялық даму үшін алғышарттар жасау 2010 жылға қарай халық санының өсуін 16,0 миллион адамға дейін және 2030 жылға қарай ТОК (2,5 есе) ұлғаюы, күтілетін өмір сүру ұзақтығы, көші-қонның теріс сальдосын төмендету есебінен 20,0 миллион адамға дейін жеткізуді қамтамасыз е т у г е т и і с .

Жағдай қолайлы болған, атап айтқанда, халықтың материалдық әл-ауқаты мен әлеуметтік даму деңгейін арттыру мақсатына сай экономикалық өсу қарқыны болған ретте, 2030 жылы халық саны 22 миллион адамға дейін өсуі м ү м к і н .

Бағдарламаның жанама нәтижелеріне мыналарды жатқызған жөн:

1) әсіресе, жасөспірімдер арасында аборттың және жыныстық қатынас арқылы жұғатын аурулардың деңгейін төмендету;

2) белгілі бір дәрежеде ішкі көші-қондағы теңгерімсіздікті жою және халықтың тұрмыс жағдайлары мен өндіргіш күштерді дамытуға мемлекеттік қажеттілікті ескере отырып, халықты ұтымды орналастыру үшін негіз жасау, ол халықтың тұрмыс деңгейін арттыруға жәрдемдесетін болады.

6. Қазақстан Республикасы демографиялық дамуының 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары

Ескерту. 6-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.20. N 364 қаулысымен .

Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындалуына жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	2	3	4
1.	Демографиялық саясатты	іске асыру жөніндегі ұйымдастыру - құқықтық	

- 1.1. <*> Алып тасталды - ҚРҰ-нің 2002.04.17. N 444 қаулысымен .
- 1.2. АҚТҚ дертінің анадан Нормативтік ДСМ 2002 ж.
 балаға тікелей өтуінің құқықтық маусым
 алдын алу бағдарламасын кесімнің жобасы
 әзірлеу және енгізу
- 1.3. "Міндетті әлеуметтік Қазақстан ЕХҚМ 2001 ж.
 сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы қазан
 Республикасы Заңының жобасын Заңының
 әзірлеу және Қазақстан жобасы
 Республикасы Үкіметінің
 қарауына енгізу
- 1.4. Қоршаған ортаның гигие. Қазақстан ДСМ, ТОҚМ, 2002 ж.
 насы жөнінде аймақтық Республикасының облыстардың, желтоқ.
 бағдарлама әзірлеу Үкіметіне Астана және сан
 ақпарат Алматы қалала.
 рының әкімдері
- 1.5. Экологиялық білім Нормативтік құ. БҒМ, ТОҚМ 2001 ж.
 тұжырымдамасын әзірлеу қықтық кесімнің қазан
 жобасы
- 1.6 <*> Алып тасталды - ҚРҰ-нің 2002.04.17. N 444 қаулысымен .
- 1.7. Қазақстан Республикасы Қазақстан КДА, СА, ДСМ, 2005 ж.
 демографиялық дамуының 2001 Республикасының БҒМ, Ақпарат ақпан
 -2005 жылдарға арналған Үкіметіне міні, ЭБЖМ
 бағдарламасының іске асыры. ақпарат
 луына талдау жүргізу

2. Өсіп-өну денсаулығын сақтау

- 2.1. Отбасын жоспарлау, Қазақстан ДСМ 2002 ж.
 аборттан кейінгі консультация Республикасының желтоқсан
 жөніндегі қызмет көрсетулерге Үкіметіне
 қол жеткізуді кеңейту ақпарат
- 2.2. Патологиясы бар жүкті -//- ДСМ 2002 ж.
 әйелдерге акушерлік-қамқор. желтоқсан
 лыққа қол жеткізуді және
 оның біліктілігін арттыру.
 Әйелдерге медициналық жәрдем

көрсетудің (ФАП, СА, ПНО)	барлық СДА, ОАА, босанғаннан	деңгейінде ҚА, ОА, кейінгі	
асқынудан сауықтыру.			
2.3. Бедеулікті емдеудің жаңа медициналық технологиясын енгізу жобасы	Нормативтік құқықтық	ДСМ	2003 ж. маусым кесімнің
2.4. Еркектер үшін, белсіз. дікті қоса алғанда, жыныстық және өсіп-өну проблемаларына алу мен жәрдем жөніндегі қызметін құру	-//- орай жәрдем медициналық	ДСМ денсаулығы алдын көрсету көмек	2003 ж. қазан
2.5. Жасөспірімдер мен жастарды өсіп-өну функцияла. рының бұзылуын тексеруді	-//- (айналыс анықтау жүзеге	ДСМ бойынша) мәніне асыру	2003 ж. наурыз

3. Өлімді азайту

3.1. Алғашқы медициналық- санитариялық жәрдем ұйым. дарында телефон және көлік байланысын жақсарту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат әкімдері	ДСМ, облыстар. дың, Астана және Алматы қалаларының сан	жыл сайын желтоқ. сан
3.2. Балалар мен жасөспі. рімдерді жыныстық қатынас арқылы жұғатын аурулар (ЖҚЖА) мен АҚТҚ/ЖҚТБ нің бар-жоғына жүзеге асыру	Нормативтік құ. қықтық кесімнің дерті.	ДСМ тексеруді	2003 ж. қазан жобасы
3.3. Жазатайым оқиғадан, өндірісте жарақат алудан халықтың өлімін азайтуға қол жеткізу, меншік қарамастан барлық	Қазақстан Республикасының Үкіметіне нысанына өндірістік	ЕХҚМ ақпарат	жыл сайын желтоқсан

кәсіпорындарда техникасы істеуін қамтамасыз ету	қызметтерінің	қауіпсіздік жұмыс
3.4. Бұқаралық ақпарат құралдарында халықтың салауатты өмір салтын насихаттаудың пәрменділігін нашақорлықтың діктің күресті	-//- арттыру және таралуына насихаттауды	Ақпарат. міні,ДСМ жыл сайын желтоқсан жолымен маскүнем. қарсы күшейту

4. Отбасы институтын нығайту

4.1. Үлгілі отбасы, этно-мәдени дәстүрлер мен нормаларды қайта жаңғырту, отбасының адамгершілік негіздерін күшейту жөнінде жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚДА, облыстар.дың, Астана және Алматы қалаларының сан	жыл сайын желтоқ. сан әкімдері
4.2. Отбасы институтын, гендерлік теңдік қағидаттарын насихаттау, ата-аналардың балаларды тәрбиелеудегі рөлін көтеру	-//-	Ақпмині,ОӘІҰК (келісім бойынша), ҚДА, ДСМ, ӘДМ	жыл сайын желтоқсан ҚДА, ДСМ, ӘДМ

5 . К ө ш і - қ о н

5.1. Репатрианттар (оралмандар) отбасының өзінің тарихи отанына қоныс аударуын және орналасуын ұйымдастыру. Көшіп келу квотасын сайын ұлғайтуды көздеу жобасы	Қазақстан Республикасы Президентінің	ҚДА	жыл сайын маусым
		"Көшіп келу квотасы туралы" Жарлығының	
5.2. Қазақстан Республикасында көшіп кету көңіл-күйі мониторингін жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚДА, СА	2003 жылдан бастап жыл сайын

6. Әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жағдай жасау

6.1. Жұмыссыз әйелдерді жаңа мамандықтарға оқыту және қайта оқыту жолымен олардың біліктілігін үнемі арттыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЕҚМ, ОӘІҰК (келісім бойынша)	жыл сайын желтоқсан
6.2. Жәбірлеуден зардап шеккен әйелдер үшін баспаналар құру	Нормативтік құқықтық кесімнің жобасы әкімдері	Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының	2002 ж. жел. тоқсан
6.3. Аймақтарда әйелдердің әлеуметтік серіктестігі орталықтарын құру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне	ОӘІҰК (келісім бойынша), ақпарат	2002 ж. желтоқсан облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері,
6.4. Мүмкіндігі шектеулі мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен арнаулы білім беру мааларын әзірлеу және енгізу	Нормативтік құқықтық оқytудың бағдарла.	БҒМ	2001 ж. желтоқсан кесімнің жобасы
6.5. Қазіргі заманғы шағын жасақталатын мектептер үлгісін әзірлеу	-//-	БҒМ	2001 ж. желтоқсан
6.6. Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқыту туралы тәртіпті әзірлеу <*>	-//-	БҒМ	2002 ж. маусым<*>
6.7. Мектепке дейінгі тәрбиені оқыту әрі дамуын қамтамасыз ету	-//- жүйесінің	БҒМ	Тұрақты одан
6.8. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту үшін бағдарламасын енгізу	"степ әзірлеу	бай және	2001 ж. қараша

6.9. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартының леуге конкурс өткізу	-//-	БҒМ	2001 ж. қыркүйек
6.10. Жалпы білім беретін мектептер оқушыларының тамақпен және қоғамдық тамақтандырумен қамтамасыз етілуіне талдау жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат әкімдері	БҒМ, облыс. тардың, Астана сайын және Алматы қалаларының	Тоқсан жыл сайын желтоқсан ақпарат
6.11. Еліміздің жоғары оқу орындарында демограф даярлауды жүзеге асыру	Нормативтік мамандар кәсіптің жобасы	БҒМ	2003 ж. қыркүйек
6.12. Дене тәрбиесі және спорт ұйымдарының дық-техникалық базасын нығайту, балалар мен жас өспірімдерді ларында қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне спорт шынығуға	ТурСА секция. тартуды	жыл сайын желтоқсан ақпарат
